

"Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life"
еншілес компаниясы"
акционерлік қоғамы



Акционерное общество
"Дочерняя компания
Народного Банка Казахстана
по страхованию жизни
"Халык-Life"

Мақұлданды

"Халық-Life" АҚ

Басқармасының шешімімен
(2020 жылғы 04 тамыздағы
отырысының №56 хаттамасы)

Бекітілді

"Халық-Life" АҚ

Директорлар кеңесінің шешімімен
(Директорлар кеңесі мүшелерінің 2020
жылғы 12 тамыздағы отырысының
№38 сырттай дауыс беру хаттамасы)

"Life-Персона" өмірді сақтандыру ҚАҒИДАСЫ

**Бұл электрондық көшірме бекітілген құжаттың көшірмесі болып табылады.
Құжат 13.08.2020 ж. бастап қолданысқа енгізіледі. Бұл құжат басып
шығарылған түрде ақпарат үшін пайдаланылады. Құжаттың көшірмесін
куәландыру үшін ПББ-ға (бас кеңсе қызметкерлері үшін)/ филиалдың
директорына (филиал қызметкерлері үшін) жүгіну қажет**

Алматы

2020

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. Жалпы ережелер	4
1-тарау. Мақсаты мен қолдану саласы.....	4
2-тарау. Терминдер мен қысқартулар	4
2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері	7
3-тарау. Сақтандыру шартының мәні	7
4-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі	7
5-тарау. Сақтандыру қағидасына сәйкес жасалатын Сақтандыру шартының ерекшеліктері	9
3-бөлім. Өмірді сақтандыру	9
6-тарау. Сақтандыру жағдайы	9
7-тарау. Үшінші тұлғаны сақтандыру.....	9
8-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	9
9-тарау. Сақтандыру шартының және сақтандыру қорғауының әрекет ету мерзімі. Сақтандыру шартының жасалу мерзімі.	11
10-тарау. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі.....	11
11-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшері, төлеу тәртібі мен мерзімі	11
12-тарау. Сақтандыру жарналарын төлеу мерзімін кешіктіру	12
13-тарау. Сақтандыру шартының әрекетін қалпына келтіру.....	13
14-тарау. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату	13
15-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері	14
16-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының әрекет етуі, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру талаптары мен тәртібі	15
17-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан босату негіздері	17
18-тарау. Сақтанушыны ауыстыру.....	18
19-тарау. Пайда алушы.....	18
20-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі.....	19
21-тарау. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі.....	19
4-бөлім. Сақтандырылушы жазатайым оқиғаның салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыру.....	20
22-тарау. Сақтандырылушы жазатайым оқиғаның салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандырудың негізгі ережелері.....	20
23-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі	20
24-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар.....	20

25-тарау Сақтандырылушы жазатайым оқиғаның салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері	21
5-бөлім. Қорытынды ережелер	22
26-тарау. Қосымша талаптар	22

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Мақсаты мен қолдану саласы

1. «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы жеке және заңды тұлғалармен өмірді ерікті сақтандыруға қатысты, өмірді сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – сақтандыру шарты (-тары) осы "Life-Персона" өмірді сақтандыру қағидасына сәйкес (бұдан әрі – Сақтандыру қағидасы) жасайды.
2. Сақтандыру шартын жасасу барысында клиенттің талабы бойынша оған Сақтандыру қағидасының көшірмесі беріледі (жіберіледі). Сақтандыру қағидасы Сақтандыру полисінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2-тарау. Терминдер мен қысқартулар

3. Сақтандыру қағидасында, Сақтандыру қағидасын жүзеге асыру мақсатында, келесі негізгі түсініктер қолданылады:
 - 1) Пайда алушы – Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
 - 2) сатып алу сомасы – сақтандыру шартының әрекеті мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтанушыға төленуі тиіс ақша сомасы;
 - 3) сақтандыру жылы – полис шығарылған күннен (сақтандырудың бірінші жылы) немесе полистің жылдығынан (сақтандырудың кейінгі жылдары) бастап он екі айлық кезең;
 - 4) полистің жылдығы – сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңіне сәйкес келетін күн, оның күні мен айы полис шығарылған күнге және айға сәйкес келеді;
 - 5) кәмелетке толмаған баланың заңды өкілдері – ата-анасы, асырап алушылары, қамқоршысы, асырап алған ата-анасы, патронат тәрбиешісі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық танытуды, білім, тәрбие беруді, құқықтары мен мүддесін қорғауды жүзеге асыратын оларды ауыстыратын басқа да тұлғалар;
 - 6) Сақтандырылушы – сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. Жас мөлшері 18 (он сегіз) жастан бастап 50 (елу) жасқа дейінгі еңбекке қабілетті жеке тұлға Сақтандырылушы болып табылады. Сақтандырылушының жас мөлшері Сақтандыру шартының әрекеті аяқталғанда 60 (алпыстан) аспауы тиіс;
 - 7) жалған мәліметтер – Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру өтінішінде ұсынған, сақтандыру шарты жасалатын күнге қарай шындыққа сәйкес келмейтін, сақтандыру объектісі туралы мәліметтер;
 - 8) жазатайым жағдай – адамның ерік-жігеріне қарамастан басталған, Сақтандырылушының денсаулығына зиян келуіне, мертігуіне не қайтыс болуына алып келген, оның ағзасына сырттан механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсер етуі нәтижесінде кенеттен болған, қысқа мерзімді оқиға (жағдай);
 - 9) Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтандырылушының қауіпті (экстремалды) әрекеттері келесіні білдіреді:

гидроциклмен жарысу, оны айдау, міну. Гидроцикл (суда жүзетін мотоцикл) – су бетінде глиссирлеу арқылы қозғалуға арналған, ішкі жағы жанатын тұрақты қозғалтқышы бар жылдам дербес су көлігі (жүзу құралы);

тауға шығу туризмі (альпинизм);

парашютпен секіру;

"серіппелі ағашаяқпен" — джампермен жүгіру және секіру;

вейкбордпен, маунтинбордингпен жүру, міну (скейтбордингің түрлері, тақтаның дөңгелектері үлкен, табиғи ландшафтқа мінуге болады);

матадан жасалған қанаты бар арнайы костюммен ұшу (Вингсьютинг);

желкенді тақталармен түсу, жарысу, міну;

арнайы велосипедтерде трюктер немесе кросс орындау (Bicycle Moto Cross (BMX));

суға аквалангпен тереңдеу;

дельтапланмен, мотodelьтапланмен және олардың түрлерімен ұшу;

қырдан мөлдір шармен (зорбе) түсу;

спортшы сүйреткіш ауа жыланын (кайт) ұстап тұратын және басқаратын ауырлық күшінің әсерімен су бетінде қозғалу;

жүзу құралдарының көмегініңіз өзен арнасын меңгеру;

бір орындық шағын кемеде (қайықта) ағызу;

асфальт бетімен ұзын тақтада түсу (скейтке қарағанда жылдамырақ және бірқалыптырақ тебу үшін);

таудан арнайы велосипедпен түсу (Маунтинбайк);

парапланмен, мотопарапланмен және олардың түрлерімен ұшу;

Pogo stick ("Шегіртке") секіру, сондай-ақ серіппесі, тұтқасы, басқысы мен негізгі платформасы бар секіруге арналған құрылғы – пого-стик деген атаумен белгілі;

табиғи және (немесе) жасанды кедергілерден өтетін үрленетін қайықпен тау өзендерімен ағызу;

жоғары объектілерден арнайы сақтандыру жібімен секіру (Роуп-джампинг, банджи-джампинг, "тарзанка");

биік ғимараттардың шығуға қиын және қауіпті төбелеріне сақтандырусыз шығу;

сёрфинг тақтасын немесе қысқа ласттарды және арнайы қолғаптарды қолдана отырып толқынмен сырғанау;

адамның құралдары қалыпты емес күш жаттығуларын орындауы, мысалы, автокөлікті көтеру (күш экстрим);

табиғи немесе жасанды рельефке шығу (Құзға шығу);

скейтбордта (аунақшалы тақта) трюк орындау;

қар басқан баурайдан және таудан арнайы шаңғымен, арнайы құралмен, сноубордпен түсу, тебу;

шаңғыдағы, сноубордтағы немесе конькидегі ұстап тұратын кайттың көмегімен қар басқан жерлерде немесе мұзда сырғану;

құмда сноубордпен жүру. Көбінесе құм карьерінде немесе шөл далада жүзеге асырылады;

үнгірден өту туризмі (спелеология);

мотоциклді трюк жасай отырып айдау;

кедергілерді велосипед, мотоцикл немесе жүк көлігі арқылы меңгеруге байланысты спорт шараларына қатысу (Триал);

асфальт баурайдан арнайы құралмен түсу (фрибордпен);

трюкті орындай отырып шығыршықты коньки тебу (Роллерблейдинг);

әдетте, дайын тас жолынан тыс табиғи қырдан және таудан түсу, міну (фрирайд: тау шыңғысы және сноуборд, вело фрирайд);

жекпе-жек – жеңімпазды анықтау мақсатында екі қатысушы айқаста тек дене күшін немесе әртүрлі спорт жабдығын және/немесе суық қаруды пайдалана отырып, бір-біріне білекпен қарсыласатын спорт жарысының түрі;

аңшылық, атқа міну және кез келген жануарды пайдалана отырып жүру,

әуе шарымен, аэростатпен, планермен және олардың түрлерімен ұшу;

авто-мото және әуе спорт сабақтарының барлық түрлері;

кез келген спорт жарыстарына қатысу;

сондай-ақ жоғарыда аталған әрекет түрлері мен спорт сабақтарының өзге де барлық түрлері.

кейінге қалдыру кезеңі – Сақтанушы мерзімі өткен сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті кезең. Сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі өтіп кеткен болып есептелген күннен бастап, яғни Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын төлеуі тиіс болған күннен бастап есептелетін кезеңі;

- 10) Сақтанушы – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасаған тұлға;
- 11) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде пайдасына сақтандыру шарты жасалатын тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;
- 12) сақтандыру мүддесі – Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандыру жағдайының тәуекелін болдырмауға және басталуына жол бермеуге бағытталған мүліктік мүддесі;
- 13) сақтандыру жағдайы – басталған кезде сақтандыру шарты сақтандыру төлемін сақтандыру шартының талаптарында көзделген тәртіпте жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

- 14) сақтандыру полисі/полис – сақтандыру шартының онда және осы Сақтандыру қағидасында көрсетілген талаптарда жасалғанын растайтын, Сақтандырушы Сақтанушыға беретін құжат.
- 15) Сақтандыру қағидасының талаптарын іске асыру мақсатында, сақтандыру полисі келесідей бөлінеді:

Түпнұсқа полис – сақтандыру шарты жасалған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға беретін полис;

Жаңартылған полис – Сақтандыру шартына кейбір өзгертулер немесе толықтырулар енгізілгенде, бұрын берілген полистің орнына Сақтандырушы Сақтанушыға беретін полис;
- 16) сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) – Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы оған төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру қағидасына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімді сақтандыру жарнасы түрінде бөліп жүргізіледі;
- 17) сақтандыру сомасы – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен тұратын ақша сомасы;
- 18) сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға төлейтін ақша сомасы.

2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері

3-тарау. Сақтандыру шартының мәні

4. Сақтанушы сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйлықақысын) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге міндетті.
5. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандыру төлемін сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде жүзеге асыруға міндетті.
6. Сақтандырылушының сақтандыру шартында бекітілген, сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруімен, қайтыс болуымен және сақтандыру жағдайы басталуының салдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіруімен байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүддесі сақтандыру нысаны болып табылады. Сақтанушының құқыққа қайшы келетін мүдделері сақтандыруға жатпайды;

4-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі

7. Сақтанушыны Сақтандырушы біржақты тәртіпте әзірлеген (қосылу шарты) типтік талаптарға (Сақтандыру қағидасына) қосу және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы Сақтандыру шарты жазбаша түрде жасалады. Бұл ретте, Сақтанушының талабы бойынша берілетін Полиспен бірге Сақтандыру қағидасының көшірмесі қоса беріледі (жіберіледі). Бұл құжаттар бірге (Полис және Сақтандыру қағидасының көшірмесі) сақтандыру шарты болып табылады. Тараптардың келісімімен, Сақтандырушымен Сақтанушыға электрондық Полисті беру арқылы, сақтандыру шартын электрондық нысанда жасауға рұқсат беріледі.

8. Сақтандыру шартын жасау үшін, сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы), Сақтандыру қағидасымен танысуға және Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша Сақтандырушыға сақтандыру өтінішін ұсынуға міндетті.
9. Сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы), сақтандыру өтінішінде (немесе сақтандыру шартымен байланысты өзге құжатта) сақтандыру жағдайының басталу ықтималын анықтау үшін өзіне белгілі болған едәуір маңызды мәліметтерді хабарлауға міндетті.
10. Сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде, сақтандыру өтінішінде немесе Сақтандырушының жазбаша сұратуларында көрсетілген, Сақтандыру қағидасында анық ескертілген, сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігіне және ықтимал залалдың мөлшеріне әсер етуі мүмкін болатын жағдайлар кез келген жағдайда маңызды болып табылады.
11. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы Тараудың 10-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрнекі жалған мәліметтерді хабарлағаны белгілі болса, Сақтандырушы сақтандыру шартының жарамсыз деп танылуын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген салдардың қолданылуын талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы жасырған жағдайлар болмаған болса, Сақтандырушы шарттың жарамсыз деп танылуын талап ете алмайды.
12. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру өтінішін беруі және Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуі, оны Сақтандыру қағидасына қосу жолымен оның сақтандыру шартын жасауға берген келісімін растайды. Сақтандырушының сақтандыру өтінішін алуы оны сақтандыру шартын жасауға міндеттемейді. Сақтандырушының сақтандыру шартын жасауға келісімі Сақтанушыға сақтандыру талаптары көрсетілген полистің берілгенімен расталады.
13. Сақтандыруға қабылданбайды:
 - 1) мүгедектер;
 - 2) психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған тұлғалар;
 - 3) қылмыс жасағаны үшін қылмыстық-атқарушылық жүйе мекемесінде жазасын өтеуші тұлғалар;
 - 4) АИТВ-инфекциясын жұқтырған тұлғалар;
 - 5) онкологиялық аурумен ауыратын тұлғалар.
14. Сақтандыру қағидасының 13-тармағында көрсетілген тұлғаларға қатысты жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғауы осындай шарт жасалған күннен бастап жарамсыз болып табылады. Осы тармаққа сәйкес сақтандыру шарты бұзылуға жатады, бұл ретте төленген сақтандыру сыйлықақысының сомасы, осы түскен сақтандыру сыйлықақысы сомасының 20% (жиырма пайызынан) аспайтын мөлшерде Сақтандырушының жұмсаған шығындары алып тасталғаннан кейін қайтаруға жатады.
15. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін, сақтандыру өтініші мен Сақтандыру қағидасында анық ескертілген, өзге құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

5-тарау. Сақтандыру қағидасына сәйкес жасалатын Сақтандыру шартының ерекшеліктері

16. Сақтандыру қағидасының 3-бөлімінде берілген, сақтандыру жағдайына қосымша ретінде Сақтандыру шартына жазатайым оқиға салдарынан сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде Сақтандырылушының қайтыс болу жағдайында жүретін сақтандыруға қатысты қосымша талаптар енгізіледі.
17. Сақтандыру қағидасының 3-бөлімінде баяндалған ережелер, Сақтандыру қағидасының осы Бөлімінде берілген сақтандыру жағдайларында өмірді сақтандыруға қатысты қолданылады.
18. 4-бөлімінде көрсетілген талаптар, сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде Сақтандырылушының жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болу жағдайында сақтандыруға қатысты қолданылады.
19. Егер басқа талаптар тікелей көзделмеген болса, Сақтандыру қағидасының 3-бөлімінде баяндалған ережелер 4-бөлімінде көрсетілген ережелерге қатысты қолданылады.

3-бөлім. Өмірді сақтандыру

6-тарау. Сақтандыру жағдайы

20. Келесілер сақтандыру жағдайы болып табылады:
 - 1) сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде Сақтандырылушының қайтыс болуы;
 - 2) Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі.

7-тарау. Үшінші тұлғаны сақтандыру

21. Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, онда Сақтанушы сақтандыру шартын жасасуға берген Сақтандырылушының жазбаша келісімін Сақтандырушыға беруге міндетті.
22. Егер Сақтанушы (сақтандыру шарты жасалған күні) кәмелетке толмаған, он төрт жасқа толмаған Сақтандырылушының заңды өкілі болып табылса, онда осы Тараудың 21-тармағында көрсетілген ережелер қолданылмайды.

8-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

23. Сақтанушы құқылы:
 - 1) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
 - 2) Сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;
 - 3) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруін талап етуге;
 - 4) сақтандыру шартында белгіленген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;
 - 5) сақтандыру полисін жоғалтқанда, оның телнұсқасын алуға, бұл ретте сақтандыру полисінің телнұсқасының нөмірі жоғалған сақтандыру полисінің нөмірімен бірдей болуы тиіс.
24. Сақтанушы міндетті:
 - 1) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;

2) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы хабардар етуге;

3) Сақтандырушыны сақтандыру шартында бекітілген мерзімде, сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабардар етуге. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда аталған мерзімдерде дәлелді себептермен хабардар ете алмаған болса, онда ол уақтылы хабардар етпеуінің себебі туралы жазбаша түсінік беруі және бар болса құжат арқылы растауы тиіс. Бұл ретте, егер Сақтанушының Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туралы хабардар етпеуі немесе уақтылы хабардар етпеуі өз еркінен тыс болған себептермен ескерілген болса және аталған деректі растайтын тиісті құжаттар ұсынылған болса, онда мұндай жағдайда Сақтандырушының хабардар етпеуі немесе уақтылы хабардар етпеуі сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіз болмайды.

Сақтанушының еркінен тыс болған жағдайлар хабардар етпеуіне немесе уақтылы хабардар етпеуіне дәлелді себеп болып табылады, атап айтқанда: еңсерілмейтін күш жағдайлары, яғни мұндай жағдайларда төтенше және болдыртпауға жатпайтын жағдайлар (форс-мажор), оған қоса, бірақ олармен шектелмей: дүлей апаттар, әскери іс-қимылдармен және т.б.;

4) егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, Сақтандырылушының сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін Сақтандырушыға ұсынуға;

5) Сақтандыру қағидалары бойынша сақтандыру жағдайларын ескертуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға.

25. Сақтандырушы құқылы:

1) Сақтандыру қағидасында көзделген талаптар бойынша сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

2) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;

3) сақтандыру жағдайының басталған мән-жайларын және себептерін тексеруге.

26. Сақтандырушы міндетті:

1) сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандыру төлемін сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде жүргізуге;

2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

3) Сақтанушыны Сақтандыру қағидасымен таныстыруға және оның талабы бойынша Сақтанушыға Сақтандыру қағидасының көшірмесін ұсынуға (жіберуге), сондай-ақ сақтандырудың барлық талаптарын, Сақтанушының сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

4) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама алған кезде, оны тезарада тіркеуге және Сақтанушыға тізімі мен қабылдау күні көрсетілген, қабылданған құжаттар туралы анықтаманы беруге;

5) Сақтанушы (сақтандырылушы) немесе Пайда алушы, немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет барлық құжатты ұсынбаған жағдайда, Сақтанушыдан құжаттарды қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етуге.

9-тарау. Сақтандыру шартының және сақтандыру қорғауының әрекет ету мерзімі. Сақтандыру шартының жасалу мерзімі

27. Сақтандырушы Сақтандыру полисінің «Полис жасалған (шығарылған) күн» деген бағанда көрсетілген, Полис шығарылған күннен бастап сақтандыру шарты жасалды деп есептеледі.
28. Сақтандыру сыйлықақысы (бірінші сақтандыру жарнасы) толық мөлшерде төленген күннен кейінгі келесі күннен бастап сақтандыру шарты өз күшіне енеді, сақтандыру қорғауы (сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі) әрекет етуді бастайды және Полисте көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін өз әрекетін тоқтатады.
29. Егер Полис жасалған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) төленбейтін болса немесе толық төленбейтін болса, Сақтандырушы сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы және ол күшіне енбеген болып есептеледі. Аталған негіздемелер бойынша сақтандыру шартын жасаудан бас тартқан кезде, Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны хабардар етуге және егер толық төленбеген бірінші сақтандыру жарнасы (немесе сақтандыру сыйлықақысы) бар болса, оған мұндай төлемді қайтаруға міндетті.
30. Сақтанушы сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру жарналарын (сақтандыру сыйлықақысын) төлеген шартында, сақтандыру арқылы қорғау Полисте көрсетілген мерзім (сақтандыру мерзімі) аяқталғаннан кейін әрекет етуін тоқтатады.
31. Сақтандыру шарты/ сақтандыру арқылы қорғау Қазақстан Республикасының аумағында да, сондай-ақ одан тыс жерлерде де әрекет етеді.

10-тарау. Сақтандыру сомасын белгілеу тәртібі

32. Сақтандыру сомасының мөлшері полисте көрсетіледі. Бұл ретте, «Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру қағидасының 3-бөлімінде көрсетілген сақтандыру жағдайлары бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшеріне тең болады.

11-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімдері

33. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді ұлттық валютада – теңгеде, біржолғы немесе мерзімдік сақтандыру жарнасы түрінде бөліп төлеу арқылы жүргізеді.
34. Сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) полисте көрсетілген, Сақтандырушының банк шотына қолма-қол ақшасыз төлем арқылы (аударым) төленуі мүмкін. Сақтандыру жарнасы Сақтанушының банк шотындағы ақшаны Сақтандырушының шотына акцептінсіз автоматты түрде аудару арқылы төленуі мүмкін. Сақтанушы мұндай жағдайда Сақтандырушыға сақтандыру жарнасы мөлшеріндегі ақшаны акцептінсіз автоматты түрде аударуға қажет басқа құжаттарды ұсынуға міндетті.
35. Сақтандыру жарнасын төлеу кезеңділігі және оған тиесілі мөлшері полисте көрсетіледі.

36. Сақтанушы әр сақтандыру жарнасын, осындай сақтандыру жарнасына тиісті кезең басталғанға дейін төлеуге міндетті. Осылай жасамаған жағдайда, сақтандыру жарнасының мерзімі өтті деп есептелетін болады.
37. Сақтанушы сақтандыру жарнасын төлеу кезеңділігін полис жылдығына өзгертуге құқылы.
38. Сақтандыру жарнасын төлеу кезеңділігі өзгертілген кезде, Сақтанушы міндетті:
 - 1) мұндай өзгерістің әрекет етуі басталатын күнге дейін Сақтандырушыны аталған өзгеріс туралы хабардар етуге;
 - 2) Сақтандырушыға тиесілі кезекті сақтандыру жарнасын Сақтанушы таңдаған кезеңділікке сәйкес келетін мөлшерде төлеуге.
39. Сақтандыру жарнасын төлеуді немесе аударуды жүзеге асыруға байланысты шығыс пен тәуекелді Сақтанушы көтереді.
40. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) уақытылы төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде Сақтанушыдан мерзімі кешіктірілген әрбір күнтізбелік күнге уақтылы төленбеген сомадан тұрақсыздық айыппұлын төлеуді талап етуге құқылы.

12-тарау. Сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кешіктіру

41. Сақтандыру жарнасын белгіленген мерзімде алмаған Сақтандырушы (бірінші сақтандыру жарнасын қоспағанда) Сақтанушыны сақтандыру жарнасын төлеу қажеттілігі туралы хабардар етуге міндетті.
42. Хабарламада келесілер болуы тиіс:
 - 1) сақтандыру жарнасын төлеуді кейінгі қалдыру кезеңі (сақтандыру жарнасы төленуі тиіс кезең);
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі кешіктірілгені үшін өсімақының мөлшері;
 - 3) осы Тараудың 46-тармағының талаптарына сәйкес сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі кейінге қалдырылған кезең ішінде сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда, Сақтандырушының сақтандыру шартының әрекетін біржақты тәртіпте бұзуға құқылы екендігі туралы ақпарат.
43. Сақтандыру жарнасын төлеуді кейінге қалдыру кезеңі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кем болмауы тиіс.
44. Сақтандыру жарнасын төлеу қажеттілігі туралы хабарлама Сақтанушыға, хабарламаның жіберілгенін растауға мүмкіндігі бар тәсілмен жіберіледі.
45. Сақтандыру жарнасы кейінге қалдырылған кезеңде сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемелеріне жауапты болады, бұл ретте Сақтандырушы одан мерзімі өткен сақтандыру жарнасының мөлшерінде ақша сомасын және сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кешіктіргені үшін өсімақыны ұстауға құқылы.
46. Сақтанушы сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі өтті деп есептелген күннен бастап кейінге қалдырылған кезең ішінде сақтандыру жарнасын (бірінші сақтандыру жарнасын қоспағанда) төлемеген жағдайда, сақтандыру шарты біржақты тәртіпте, мерзімінен бұрын бұзылды деп есептелетін болады.

13-тарау. Сақтандыру шартының әрекетін қалпына келтіру

47. Егер (Сақтанушы сақтандыру жарнасын төлемегендіктен) сақтандыру шартының әрекеті мерзімінен бұрын тоқтатылған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан төменде көрсетілгендерді алған кезде, түпнұсқалы полистің талаптары бойынша сақтандыру шартының әрекетін қалпына келтіруге құқылы:
- 1) мерзімі кешіктірілген сақтандыру жарнасын;
 - 2) сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі кешіктірілгені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерде өсімақыны;
 - 3) сақтандыру шартын қалпына келтіруге өтінішті (сақтандыру шартының әрекеті тоқтатылған күннен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін сақтандыру шарты қалпына келтіріген жағдайда).
48. Сақтанушы құқылы, ал Сақтандырушы сақтандыру шартының әрекеті тоқтатылған күннен бастап бір жыл ішінде сақтандыру шартының әрекетін қалпына келтіруге міндетті. Сонымен қатар, Сақтанушы бір жылдан аса мерзімге әрекеті тоқтатылған сақтандыру шартының әрекетін қалпына келтіруге құқылы, бұл ретте бұндай сақтандыру шартының әрекетін қалпына келтіру Сақтандырушының міндеті емес, құқығы болып табылады.
49. Сақтандырушы сақтандыру шартын қалпына келтіру барысында Сақтандырылушының денсаулығы жағдайына медициналық сараптама жүргізуге құқылы. Медициналық сараптама Сақтанушының қаражаты есебінен жүргізіледі.
50. Егер сақтандыру шартының әрекеті мерзімінен бұрын тоқтатылған болса және Сақтандырушы сатып алу сомасын төлеп қойған болса, Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданысын қалпына келтіруден бас тартуға құқылы.
51. Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы күрт нашарлаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сомасының немесе сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшеріне қайта есептеу жүргізуге құқылы. Сақтанушы сақтандыру шартының әрекетін жаңа талаптарда қалпына келтіруден бас тартқан жағдайда, сақтандыру шарты қалпына келтіруге жатпайды.

14-тарау. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

52. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату өтінішін ұсына отырып, сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.
53. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату өтінішінде мерзімінен бұрын тоқтатылатын анағұрлым соңғы күнді көрсетпеген болса, Сақтандырушының аталған өтінішті алған күні сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылған күні болып табылады.
54. Егер Сақтанушы сақтандыру шарты жасалған күннен бастап бірінші және жиырмамыншы күн аралығындағы кезеңде шартты біржақты тәртіпте бұзса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасын толық көлемде қайтаруға міндетті. Егер Сақтанушы Сақтандыру шарты жасалған күннен бастап жиырма бірінші және қырықыншы күн аралығындағы кезеңде шартты біржақты тәртіпте бұзса, онда Сақтандырушы сақтандыру шарты жасалғанда алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасынан 20 % (жиырма пайыздан) аспайтын мөлшерде Сақтандырылушы жұмсаған шығыс шегеріле отырып, Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасын қайтаруға міндетті. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылатын өзге жағдайларда,

Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша төлеп қойған сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) қайтарылмауы тиіс.

55. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтанушы сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) толық мөлшерде төлеп қойған жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыдан сатып алу сомасын (бар болған жағдайда) алуға құқылы.
56. Сатып алу сомасының мөлшері сақтандырудың әрбір жылының аяқталған күнгі жағдайы бойынша полисте көрсетіледі. Сақтандырудың бірінші жылы аяқталатын күнге сатып алу сомасының мөлшері нөлге тең.
57. Сақтандыру жылы аяқталғанға дейін Сақтандырушыға тиесілі, барлық сақтандыру жарналары толық төленгені ескеріле отырып, сатып алу сомасының мөлшері полисте көрсетіледі.
58. Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату өтініші берілген күннен бастап күнтізбелік 40 (қырық) күннен кешіктірмей, сатып алу сомасы Сақтанушыға төленуі тиіс.
59. Сақтандырушы сатып алу сомасын төлеген кезде, Сақтанушының Сақтандырушы алдында сақтандыру шарты бойынша берешек сомасының мөлшерінде ақшаны ұстап қалуға құқылы.
60. Сатып алу сомасы бар болса, оларға салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте жүргізіледі.

15-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері

61. Осы Тараудың 63 және 64-тармақтарында көрсетілген жағдайлардан өзге жағдайлардың нәтижесінде «сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде орын алған, Сақтандырылушының қайтыс болуы» сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері Полисте көрсетілген сақтандыру сомасының мөлшеріне тең.
62. Сақтандыру шарты үздіксіз әрекет еткен және Сақтандыру қағидасының 3-бөлімінде көрсетілген талаптар бойынша сақтандыру төлемдері болмаған жағдайда, «Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандыру қағидасының 3-бөлімінде көзделген, өмірді сақтандыруға қатысты төленген сақтандыру сыйлықақысының (жарналардың) мөлшеріне тең.
63. Егер сақтандыру жағдайы келесілермен тікелей немесе жанама байланысты болса, растаушы құжаттар бар болғанда, «сақтандыру арқылы қорғауының әрекет етуі кезеңінде Сақтандырылушының қайтыс болуы» сақтандыру жағдайы басталған күнге сақтандыру төлемінің мөлшері сатып алу сомасына тең:
 - 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсерімен;
 - 2) әскери іс-қимылдармен, Сақтандырылушының әскери құралымдардағы қызметімен;
 - 3) азаматтық соғыспен, әртүрлі халық толқуларымен, жаппай тәртіпсіздіктермен немесе ереуілдермен;

- 4) қажет қорғаныс жағдайында және аса қажет жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оны болдыратын қасақана әрекеттерімен (растаушы құжаттар бар болғанда);
 - 5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған әрекеттерімен;
 - 6) Сақтандырылушының лицензиясы бар әуекомпаниясының әуе жолаушылар кемесінен басқа, кез келген ұшу аппаратында ұшуы;
 - 7) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілер қолданылатын жағдайды қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және жоғары деңгейдегі алкогольді масаңдық жағдайда болуы, Сақтандырылушының есірткілік, токсикоманиялық немесе сақтандыру жағдайының басталуына алып келген немесе онымен себеп-салдарлық байланыстағы өзге де масаңдық жағдайында болуы; **маскүнемдікпен, алкоголь қолданатын себеп-салдар байланысы бар аурулармен, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрді пайдаланумен байланысты;**
 - 8) Сақтандырылушының осы Сақтандыру қағидасында көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы.
64. Егер сақтандыру жағдайы келесі оқиғалардың нәтижесінде тікелей немесе жанама басталған болса, сақтандыру шартының үздіксіз әрекетінің алғашқы екі жылы ішінде сақтандыру төлемінің мөлшері қайтыс болу сияқты сақтандыру жағдайы басталған күнге сатып алу сомасына тең:
- 1) Сақтандырылушының өзіне-өзі қол жұмсауы немесе өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті;
 - 2) АИТВ-инфекциясы аурулары;
 - 3) қатерлі ісіктің пайда болуына байланысты аурулар.
65. Егер сақтандыру шарты жасалғанда, сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) немесе сақтандыру сомасының қате аударылуына алып келетін, Сақтандырылушының туған күні және/немесе жынысы қате көрсетілген болса, онда сақтандыру төлемінің мөлшері нақты туған күннің және/немесе нақты жыныстың және аталған туған күннің және/немесе аталған жыныстың қатынастарына байланысты түзетілуі тиіс.

16-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының әрекеттері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру талаптары мен тәртібі

66. Сақтанушы (Пайда алушы) өзіне сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болғаннан кейін қалай болғанда да сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыны тезарада хабардар етуге міндетті. Егер Сақтанушының (Пайда алушының) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда аталған мерзімде дәлелді себептермен хабардар ету мүмкіндігі болмаса, ол уақтылы хабардар етпеу себебі туралы жазбаша түсініктеме беруі тиіс және бар болса құжат бойынша растауы тиіс.
67. Сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде қайтыс болуы сияқты сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Полистің түпнұсқасын (телнұсқасын), Поилстің барлық қосымшаларын;
 - 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатты, оның ЖСН;
 - 3) Пайда алушының банктік деректемелерін: алушы банктің атауы, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын
 - 4) Пайда алушының сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін (егер Сақтанушы сақтандыру шарты жасалғанда Пайда алушыны анықтамаған болса);
 - 5) Сақтандырылушының қайтыс болуы туралы куәліктің және қайтыс болуы туралы анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмесін;
 - 6) химиялық-токсикологиялық зерттеу нәтижелері бар қайтыс болу себептері мен жағдайлары туралы сот-медициналық сараптама немесе патологиялық анатомиялық зерттеу қорытындысының осы құжатты берген заңды тұлғаның мөрімен және қол қоюымен (егер сараптаманың немесе зерттеудің жүргізілуі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген болса) куәландырылған көшірмесін;
 - 7) егер Сақтандырылушының қайтыс болуы ауруханада орын алған болса, Сақтандырылушының медициналық картасынан (сырқатнамадан) үзінді көшірмесінің медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы емдеу мекемесінің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
 - 8) амбулаториялық картаның мекеме берген мөрмен куәландырылған түпнұсқасы мен көшірмесін, бар болса.
68. Сақтандырушы сондай-ақ келесі құжаттарды сұратуға құқылы:
- 1) егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы;
 - 2) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы материалдарының (оқиға орнын қарау хаттамасы, жол-көлік оқиғасының сызбасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемелері, мамандардың сараптама қорытындысын) мекеме берген мөрмен куәландырылған көшірмесін;
 - 3) Сақтандырушы сұратқан, сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құжаттарды.
69. «Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайы бойынша Сақтанушы Сақтандырушыға Полистің түпнұсқасын, Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмесін, оның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН, жеке басын куәландыратын құжатта болмаса), Сақтанушының банктік деректемелерін (алушы банктің атауы, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шот) ұсынуға міндетті.
70. Пайда алушы Сақтандырушыға жеке басын куәландыратын және сақтандыру төлемін алуға құқық беретін құжаттардың көшірмесін, сонымен қатар жеке сәйкестендіру нөмірін (бар болған жағдайда) ұсынуға міндетті.
71. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды алған (қабылдаған) күнін көрсете отырып, тезарада тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) оның жазбаша сұратуы бойынша ұсынылған

құжаттардың толық тізбесі мен олардың қабылданған күні көрсетілген анықтаманы беруге міндетті.

72. Сақтандырушы осы Тарауда көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін төлеуді бастауға немесе төлеуден бас тартуға міндетті.
73. Сақтандыру төлемі Пайда алушы көрсеткен банк шотына жүргізіледі. Егер сақтандыру төлемінің ақшасын төлеу немесе аудару Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса, төлем немесе аударым шығысы Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.
74. Біржолғы сақтандыру төлемінің орнына Сақтанушы (Пайда алушы) ескертілген мерзім ішінде Сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемін бөліп төлеуді тағайындауға құқылы.
75. Егер Пайда алушы жасы он төртке жетпеген кәмелетке толмаған болса, онда сақтандыру төлемін алу құқығына Сақтандырушыға ұсынылатын растаушы құжаттар негізінде Пайда алушының кәмелетке толмаған өкілі ие болады. Егер Пайда алушы он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған болса, онда сақтандыру төлемін алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында регламенттелген тәртіпте белгіленеді.
76. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, Сақтандырушы одан Сақтанушының сақтандыру төлемі жүзеге асырылатын күнге туындаған берешегінің мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.
77. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері осы Сақтандыру қағидасының осы Тарауында көрсетілген барлық құжатты ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

17-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

78. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіздеме ретінде келесілер болуы мүмкін:
 - 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрнекі жалған мәліметтерді, сондай-ақ осы Сақтандыру қағидасына сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс өзге де мәліметтерді хабарлауы;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған мән-жайды тергеуде Сақтандырушыға кедергі келтіруі;
 - 3) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 835-бабында белгіленген талаптарда осы сақтандыру қағидасында белгіленген мерзімде хабардар етпеу.
79. Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 134-тармағы 1) тармақшасына сәйкес Сақтандыру қағидасының 3-бөлімінде көрсетілген оқиға бойынша Сақтандыру қағидасының 78-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда, Сақтанушы (Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылатын Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда, Сақтанушының мұрагерлері) сақтандыру шартын жасауға және орындауға байланысты Сақтанушының Сақтандыру полисінде белгіленген сатып алу сомасынан 15 % (он бес пайыз) мөлшерінде қосымша шығысын шегере отырып, Сақтандыру полисінде белгіленген сатып алу сомасын алуға құқылы.

18-тарау. Сақтанушыны ауыстыру

80. Сақтанушы сақтандыру шартында белгіленетін барлық құқықтар мен міндеттерді басқа тұлғаға сол тұлғаның, Сақтандырылушының және Сақтандырушының келісімімен табыстауға құқылы. Мұндай құқықтар мен міндеттерді табыстау үшін, Сақтанушының, Сақтандырылушының және Сақтандырушы құқықтық мирасқорының (Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін қабылдайтын тұлға) қолы қойылған Сақтанушыны ауыстыру өтінішін Сақтандырушыға ұсыну қажет. Сақтанушының құқықтық мирасқорына берілетін, тиісті Жаңартылған полиске Сақтандырушы қолын қойған күннен бастап Сақтанушыны өзгерту жарамды болады.
81. Сақтандырылушы болып табылмайтын Сақтанушы Сақтандырылушыдан бұрын қайтыс болған жағдайда, Сақтанушының сақтандыру шартында анықталатын құқықтары мен міндеттері, Сақтанушы өтініште көрсеткен Сақтанушының құқықтық мирасқорына, ал бұндай өтініш болмаған жағдайда – Сақтанушының заңда көзделген тәртіпте анықталған мұрагерлеріне өтеді.

19-тарау. Пайда алушы

82. Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, Сақтанушы «сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде орын алған, Сақтандырылушының қайтыс болуы», сонымен қатар «сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде жазатайым оқиғаның салдарынан, Сақтандырылушының қайтыс болуы» сақтандыру жағдайлары бойынша Пайда алушыны (немесе сақтандыру төлеміндегі үлесін көрсетумен бірнеше Пайда алушыны), Сақтандырылушының келісімімен сақтандыру өтінішінде тағайындайды.
83. «Сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайы бойынша Сақтанушы Пайда алушы болып табылады.
84. Сақтандыру жағдайы басталғанға дейін Сақтанушы Сақтандырушыға Пайда алушыны ауыстыру туралы өтініш жіберіп, Пайда алушыны басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы. Пайда алушыны басқа тұлғаға ауысуы, Сақтандырушы Сақтанушыға жіберілетін, полистің тиісті қосымшасына қол қойған күннен бастап жарамды болады.
85. Пайда алушы сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттерді орындағаннан кейін немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қойғаннан кейін Пайда алушы басқа тұлғамен ауыстырылмайды.
86. Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушы қайтыс болған жағдайда немесе ол өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда, оның құқықтары Сақтанушыға ауысады, ал егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылса – заң бойынша белгіленген тәртіпте Сақтанушының мұрагерлеріне ауысады.
87. Егер Пайда алушы және Сақтандырылушы бір уақытта (бір күнде) қайтыс болса, онда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі Пайда алушы Сақтандырылушыдан бұрын қайтыс болғандай болады (осы Тараудың 86-тармағы).

20-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

88. Сақтандыру шартына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар Сақтанушы Сақтандырушыға ұсынатын өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш негізінде жүзеге асырылады.
89. Сақтандырушының мұндай енгізуге және толықтыруға келісімі бар болған жағдайда, сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар жазбаша енгізіледі және Сақтандыру шарты күшіне енген болып есептеледі:
 - 1) Полисте тікелей көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерге қатысты жаңартылған Полис шығарылған күннен бастап;
 - 2) Полисте көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерді қоспағанда, сақтандыру өтінішінде тікелей көрсетілген мәліметтерге қатысты, Сақтандырушының келісімін растайтын құжатта көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмеген болса, Сақтандырушы шығыс құжатты тіркеген күннен бастап.
90. Жаңартылған Полис осыған дейін шығарылған Полиске немесе осыған дейін шығарылған Полистің телнұскасына ауыстырылады. Жаңартылған Полис сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады және оны шығарған күннен кейін осыған дейін шығарылған Полис (оны жоғалтып алған кезде, телнұска) күшін жоғалтады.
91. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтандыру шартының талаптарына қатысты және оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу талаптарын белгілейтін жаңа заңнамалық актілер қабылданған болса немесе қолданысты заңнамалық актілер өзгертілген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартына толықтырулар және/немесе өзгертулер енгізуге құқылы. Өзге жағдайларда, Сақтандырушы сақтандыру шартына толықтырулар мен/немесе өзгертулерді Сақтанушының келісімімен енгізуге құқылы.
92. Сақтандырушы сақтандыру шартына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгертулер мен (немесе) толықтыруларды біржақты тәртіпте енгізуге құқылы.
93. Егер жазбаша хабарламада өзге күні көрсетілмеген болса, Сақтандырушы Сақтанушыны сақтандыру шартына енгізілген барлық өзгертулер күшіне енгенге дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын осы өзгертулер туралы хабардар етеді. Сақтанушы сақтандыру шартына енгізілген өзгертулермен келіспеген жағдайда, Сақтандырушыны жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер Сақтанушы өзгертулер туралы хабарлама жіберілгеннен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыны сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзатыны туралы хабардар етпесе, Сақтанушы өзгертулермен келісті деп есептеледі.
94. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын осы Сақтандыру қағидасының 92-тармағында аталған жағдайларға байланысты (талаптарды біржақты тәртіпте өзгерту) бұзатын болса, Сақтандыру қағидасының 14-тарауында белгіленген салдар басталады.

21-тарау. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі

95. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру өтінішінде көрсетілген оның орналасқан немесе тұрғылықты мекенжайына хабарлама жібереді.

96. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жері өзгерген кезде, Сақтандырушыға жаңа мекенжайын онкүндік мерзімде хабарлауға міндетті. Басқалай жағдайда, тараптар алдыңғы орналасқан немесе тұрғылықты мекенжайына жіберілген хабарламаны орындалды (жарамды) деп есептейді.
97. Егер Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан Республикасында сенім білдірілген, Сақтанушыға хат-хабарлардың жеткізілуіне жауапты тұлғаны көрсетуге міндетті.

4-Бөлім. Сақтандырылушы жазатайым оқиғаның салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыру

22. Сақтандырылушы жазатайым оқиғаның салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандырудың негізгі ережелері

98. Сақтандырылушының жазатайым оқиғаның нәтижесінде қайтыс болуы жағдайында қолданылатын сақтандыруға қатысты Сақтандыру қағидасының талаптары, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (немесе бірінші сақтандыру жарнасын, егер сақтандыру сыйлықақысы бөліп төленетін болса) толық мөлшерде жүргізген кезде, сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда қолданылатын сақтандыруға қосымша әрекет етеді.
99. Сақтандыру қағидасының 23-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы орын алған кезде, «сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде Сақтандырылушының қайтыс болуы» сақтандыру жағдайына қатысты қарастырылған сақтандыру төлемдеріне қосымша ретінде, Сақтандырушы осы Бөлімде көрсетілген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде қосымша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.
100. «Жазатайым оқиғаның нәтижесінде сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде Сақтандырылушының қайтыс болуы» сақтандыру жағдайы басталған кезде, Тараптардың өзара әрекеттесуі Сақтандыру қағидасының 16-тарауында белгіленген талаптарда жүзеге асырылады.

23-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі

101. Сақтандырылушының жазатайым оқиғаның нәтижесінде сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде қайтыс болуы, өлімге әкеп соққан, жазатайым оқиғадан сақтандыру талаптары бойынша сақтандыру жағдайы (сақтандыру тәуекелі) болып табылады.

24-тарау. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

102. Егер Сақтандырылушының қайтыс болуы келесі жағдайлардың нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде басталған болса, Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатуға негізгі негіздерден басқа сақтандыру төлемін жүргізбейді:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсері;
- 2) әскери іс-қимылдармен, Сақтандырылушының әскери құралымдардағы қызметімен;
- 3) азаматтық соғыспен, әртүрлі халық толқуларымен, жаппай тәртіпсіздіктермен немесе ереуілдермен;
- 4) қажет қорғаныс және аса қажет жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда (растаушы құжаттар бар болғанда), Сақтанушының, Сақтандырылушының

және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оны болдырған қасақана әрекеттерімен;

5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған әрекеттерімен;

6) тауға шығумен, альпинизммен, парашютпен секірумен, суға аквалангпен тереңдеумен, сонымен қатар раллиде, жарыста, тау шаңғы спорты бойынша сайыстарға қатысушымен

7) Сақтандырылушының лицензиясы бар әуекомпаниясының әуе жолаушылар кемесінен басқа, кез келген ұшу аппаратында ұшуы;

8) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілер қолданылатын жағдайды қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және жоғары деңгейдегі алкогольді масаңдық жағдайда болуы, Сақтандырылушының есірткілік, токсикоманиялық немесе сақтандыру жағдайының басталуына алып келген немесе онымен себеп-салдарлық байланыстағы өзге де масаңдық жағдайында болуы;

9) маскүнемдікпен, алкоголь қолданатын себеп-салдар байланысы бар аурулармен, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрді пайдаланумен байланысты;

10) Сақтандырылушының осы Сақтандыру қағидасында көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

11) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылданған кезде аталған ақпаратты бермеген болса және бұл ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмеген болса, кәсіби спорт түрімен шұғылдану;

12) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;

13) жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған ауруларды қоспағанда, бұл ретте, егер мұндай жазатайым жағдайы сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде басталған кезде ғана, кез келген аурумен;

14) эпилепсиялық талмамен, жүрек ұстамасымен және апоплексия соғуымен. Егер сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде Сақтандырылушы сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңі басталғанға дейін орын алған жазатайым оқиғаның нәтижесінде қайтыс болса, Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 101-тармағында бекітілген оқиға бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан босатылады.

25-тарау. Сақтандырылушы жазатайым оқиғаның салдарынан қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері

103. Сақтандырылушының сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде жазатайым оқиғаның салдарынан қайтыс болуы жағдайындағы сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

104. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең. Егер Сақтандырылушы сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде Сақтандыру қағидасының 24-тарауында көрсетілген талаптарды ескергенде, жазатайым оқиғаның себебінен қайтыс болса, сақтандыру төлемі «Сақтандырылушының сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде қайтыс болуы» сақтандыру жағдайына қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру төлемдеріне қосымша жүргізіледі.

105. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізген кезде, одан Сақтанушының берешек сомасын ұстап қалуға құқылы.
106. Басталуы жазатайым жағдайға байланысты емес, Сақтандыру қағидасының 3-бөлігінде бекітілген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған жағдайда, Сақтандыру қағидасының 4-бөлігінде бекітілген сақтандыру жағдайына қатысты сақтандыру шартының әрекеті тоқтатылады, бұндай сақтандыруға қатысты сатып алу сомасы жүргізілмейді.

5-бөлім. Қорытынды ережелер

26-тарау. Қосымша талаптар

107. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, хабарландырулар, түсініктемелер, олардың жіберілгенін растай алатын тәсілмен жазбаша орындалуы тиіс.
108. Тараптар осы Сақтандыру қағидасына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап береді.
109. Тараптар арасындағы сақтандыру шартында реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
110. Сақтанушы полисті немесе полистің қосымшасын жоғалтқан кезде, Сақтандырушыны ескертуі және полистің телнұсқасын немесе полистің қосымшасын алуға өтініш жазуы тиіс. Сақтандырушы тиісті телнұсқаны бергеннен кейін жоғалған полис немесе полистің қосымшасы жарамсыз болып есептеледі.
111. Сақтандыру шартын жасаған тараптар арасындағы барлық дау келіссөздер арқылы шешіледі. Егер мұндай дау келіссөздер арқылы шешілмейтін болса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде Сақтандырушының (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.) орналасқан жері бойынша шешілуі тиіс.
112. Қазақстан Республикасының аумағында шектеу шаралары, оның ішінде карантин әрекет еткен және (немесе) төтенше жағдай жарияланған кезде, Сақтандыру шартын Сақтанушының (сонымен қатар, қажет болған жағдайда, Сақтандырылушының) қолы қойылған сақтандыру туралы өтінішінің скан көшірмесі (суреті) негізінде жазалуына жол беріледі. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (бірінші сатандыру жарнасын) төлеп қойған шартында, Сақтандырушы Сақтанушының жоғарыда көрсетілген тәсілмен жіберген сақтандыру туралы өтінішін түпнұсқа ретінде қабылдайды. Осындай сақтандыру туралы өтініштің негізінде шығарылған Полистің скан көшірмесі Сақтанушыға ол көрсеткен электрондық мекенжайына, кейіннен оның түпнұсқасын Сақтанушыға беру арқылы, жіберіледі.
113. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті, электрондық көшірме немесе электрондық құжаттар түрінде, қосымша құжаттарды қоса тіркеу арқылы алдын ала электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Бұл ретте, электрондық нысандағы сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушіні Сақтандырушы орналасқан мекенжайы бойынша Сақтандырушыға осы Тарауда көрсетілген құжаттарды беруден босатпайды және құжаттардың электрондық көшірмелері негізінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін міндеті болып табылмайды.

114. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінде осы Сақтандыру қағидасының жекелеген ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін болса, бұл ережелер Сақтандыру қағидасына тиісті өзгертулер енгізусіз автоматты түрде күшін жоғалтады. Егер осы Сақтандыру қағидасының ережесінің бірі жарамсыз болса, бұл қалған ережені қозғамайды. Жарамсыз ереже тиісті қатынасқа заңды түрде жол берілетін және реттелетін ережемен ауыстырылады.
115. Сақтандыру қағидасы қазақ және орыс тілдерінде әзірленді. Сақтандыру қағидасының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің арасында айырмашылықтар бар болған жағдайда, Сақтандыру қағидасының орыс тіліндегі мәтіні басым күшке ие болады.